Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** Жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** Новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.2 – Б. 165-166

АҚ «АСЫЛ-ТҮЛІК» ТҰҚЫМДЫҚ БҰҚА АЗЫҚТАНДЫРУ РАЦИОНДАРЫ

Тұрсынбеков Н.,.Таласпаев Н.

Асыл тұқымды шаруашылықта тұқымдық бұқа азықтандыруын сапалы ұрықты қажетті мөлшерде өндіру бағытында ұйымдастырылады. Азықтандыру деңгейі мен сапасы бұқаның жыныстық потенциалын, яғни ұрықтандыру қабілетін көтеріп, жоғары ұрық сапасын қамтамасыз етуі керек. Ол үшін тұқымдық бұқаны қуатты, энергияға қаныққан, протеиндік құнарлылығы жоғары, минералдық заттар мен витаминдерге бай азықтармен азықтандырады.

Бұқаның қоректік мұқтаждығы жасы, тірілей салмағы мен өнімділігіне байланысты өзгереді. Айталық, тірілей салмағы 1000 кг тартатын сақа бұқаға ұрық (шәует) алынбаған кезеңде - 8,4 а.ө. жеткілікті болса, ұрығы орта жиілікте, яғни аптасына екі рет алынса - 9,1 а.ө., ал ұрығы жиі, яғни аптасына қосынан (дуплетом) екі реттен, яғни төрт рет ұрық алынса 10,8 а.ө. қажет болады. Әр 1 а.ө.-де ұрық алынбаған кезеңде -100 г, ұрығы орта жиілікте алынғанда - 125 г, ал ұрығы жиі алынған кезде - 140 г қорытылатын протеин болуға жеткізеді.

Ұрық алынбаған кезенде бұқаның қоректік мұқтаждығы - 10-15% кеміп, ал ұрық алынатын кезеңде - 10-15%-дан 15-20%-ға дейін (шәует жоғары жиілікте алынса) артады. Ұрық алынбайтын кезеңде тұқымдық бұқаны орта жыныстық қоңдылығын (племенная кондиция) сақтайтын деңгейде азықтандыру үшін 100 кг тірілей салмағына шаққанда - 1,1-0,8 а.ө. (тірілей салмағы ауырлаған сайын оның бірлігіне жұмсалатын энергия көлемі, яғни оның тіршілікті қамтамасыз етуге жұмсалатын үлесі, кемді) жеткізілуі жеткілікті. Ұрық алынатын кезеңде шәует алыну жиілігіне байланысты бұқаның 100 кг тірілей салмағына - 1,2-0,9 а.ө. (орта жиілікте алынғанда), 1,3-1,0 а.ө. (жоғары жиілікте алынғанда) жеткізілуі қажет. Әр 1 а.ө. ұрық алынбайтын кезенде - 100 г, ұрық алынатын кезенде шәует алыну жиілігіне байланысты 125-145 г қорытылатын протеин жеткізілуі тиіс.

Жас, өсуі әлі аяқталмаған бұқаға азықтандыру нормасын өсіп жетілуі үшін қосымша 1 а.ө. 120 г қорытылатын протеин келетін 1-1,5 а.ө.-не жоғарылатады.

Бұқа азығының протеиндік құнарлылығын күшейту үшін күнбағыс және зығыр күнжарасы мен шротын, азықтық ашытқы мен көксүт, қан ұны, ет-сүйек ұны, балық ұны, тауық жұмыртқасы секілді жануар тектес азықтарды қосады. Ұрық сапасына бұқа азығының протеиндік құнарлылығымен қоса минералдық және витаминдік құндылығы да өз ықпалын тигізеді. Минералды элементтерден ұрықтың дамуына фосфор күшті ықпал етеді.

Жетекшілері – Е.Жикишев, Н.Омарқожаұлы